



**Қитарова Айгүл
Орынбасарқызы
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы,
Миы орта мектебіндегі
тарих пәнінің мұғалімі**

Сабақтың тақырыбы:

Архитектура және өнер

(ашық сабақ)

Сабақтың мақсаты:

Білімділік

Архитектура, құрылыс, өнер ұғымдарына анықтама бере отырып, сәулет өнері, діни сәулет өнері, бейнелеу, мүсін және қолданбалы өнер туралы мағлұмат беру, өнер туындыларымен таныстыру.

Дамытушылық

Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру, ойын еркін айтуға, қосымша әдебиеттерді пайдаланып, өз бетінше қорытынды жасауға дағдыландыру.

Тәрбиелік

ҮІ-ІХ ғасырлардағы архитектура және өнер туралы түсінік қалыптастыра отырып, өз елінің тарихи құндылықтарын құрметтеуге, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға тәрбиелеу. Мәдениетті жалғастырушы жас ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттер

Мазмұнға байланысты міндеттер:

Архитектура және өнер ұғымдарына анықтама беріле отырып, өнер туындыларымен танысады.

Сын тұрғысынан ойлауға байланысты міндеттер:

Өз елінің тарихи құндылықтарын құрметтеу керек екенін ұғына отырып, мәдени ескерткіштерді қорғауға сыни көзқараспен қарайды.

Топтық жұмыс процесіне байланысты міндеттер.

Жекелей және топпен жұмыс істеуге үйренеді. Сөйлейді, өз ой-пікірін айтады.

Сабақтың түрі:

Жаңа сабақты меңгерту сабағы

Сабақтың әдісі: ойын, тест, тірек-сызбамен жұмыс, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Көрнекілігі: мультимедиялық құралдар, кубик, қоржын, асықтар, тест парақшалары

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

а) “Сиқырлы қоржын” ойыны

ә) Тест тапсырмалары

3. Жаңа білім беру

I. Қызығушылығын ояту.

а) Кіріспе сөз

II. Мағынаны тани білу.

ә) Мәтінмен жұмыс

б) Кубизм стратегиясы (әр оқушы өз тапсырмасы бойынша сұрақтарға жауап береді.)

III. Ой толғаныс. “Алтын қақпа” ойыны

5. Қорытындылау.

6. Бағалау.

7. Үйге тапсырма беру.

Үй тапсырмасын тексеру.

1-тапсырма



«Сиқырлы қоржын» ойыны ойналады.

- Адам баласының ең алғашқы айналысқан кәсіптерінің бір түрі (мал өсіру)
- Қай дәуірде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы өріс алды? (темір)
- Мал шаруашылығының қандай түрлері бар? (көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы)
- М.Қашғаридың жазуына қарағанда Испиджаб қаласы қалай аталды? (Сайрам)
- Оңтүстік Қазақстанда отырықшылық мәдениет орталықтары болған қалаларды ата.
- Сауда қандай бағыттарда жүрді?

2-тапсырма. Тест сұрақтары

1. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы өрістеген дәуір:
А) Қола Ә) Темір Б) Тас
2. Испиджаб қаласының Сайрам деп аталуы кімнің жазуында кездеседі?
А) Махмұд Қашқари Ә) Қадырғали Жалайыри Б) Рашид-ад Дин
3. Күміс, мыс өндіріліп, түрлі бұйымдар қай өзеннің аңғарындағы қалаларда жасалған?
А) Шу өзенінің аңғарындағы Ә) сырдария өзенінің аңғарындағы
Б) Талас өзенінің аңғарында
4. Түріктің қай қағанының кезінде сауданы өз пайдасына шешпек болып, Иран, Византия елдеріне елшіліктер жіберіп, келіссөздер жүргізген?
А) Мұқан Ә) Қара-Еске Б) Иштемим
5. Түркештер қай қалада ақша шығарған?
А) Тараз Ә) Түркістан Б) Суяб

3. Жаңа білім беру

I. Қызығушылықты ояту:

Ой қозғау стратегиясы

Сыныпқа мынадай сұрақтар беріледі:

1. Архитектура, өнер деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?

2. Өнердің қандай түрлерін білесіңдер?

Осы сұрақтар бойынша оқушылар жауап береді.

II. Мағынаны тани білу:

Кіріспе сөз:

Архитектура латын сөзінен аударғанда құрылысшы деген мағынаны білдіреді. Құрылыс дегеніміз – жобасы күрделі, биік, әсем салынған архитектуралық ғимарат.

Тараз, Қызылөзен, Құйрықтөбе, Баба – Ата, Қостөбе қалаларындағы қазба жұмыстары нәтижесінде іргетасы ғана сақталған тұрғын үйлердің архитектуралық жүйелері табылған. Олар - Ақыртас, Білеулі, Мырзарабат сардобасы және Якка сардобасы.

Экранға назар аударайық.




Якка сардобалары.

Діни сәулет ескерткіштері


Дың
ескерткіштері

Будда
ғибадатханалары


Баба-Ата мешіті



Дың мазары.



Баба-Ата мешіті (жаңғыртпа).




Бейнелеу өнері архитектуралық құрылыстың дамуына байланысты дамыды. Бірақ архитектуралық құрылыстан бұрын дүниеге келген.




"Келін түсіру." Құйрықтөбе қаласы. Тақтайға ойып салынған сурет.


Мүсін өнері де түрік дәуірінде ерекше дамыған. Мүсін өнеріндегі «балбал», «Күлтегін», «Тонькөк» ескерткіштері арқылы Қазақстанда бұл өнердің ерте пайда болғанына көз жеткізуге болады.




Күлтегін ескерткіші.



Білге
қаған
ұстыны




Білге қаған ханымы
Бубу-Бегім мүсіні



Қолданбалы өнер – архитектуралық құрылыс жүйелерінің бір бөлігі. Бұл өнерден бірден көзге түсетіні: терракота, көркем керамика, ұсақ пластика.



Оймыш өрнекті, бедер суретті қыш табыт.



Түрік қабырға-өрнек суреттері.

Әр топ өз тапсырмасы бойынша мәтінмен жұмыс жасайды.


Кубизм стратегиясы:

1. Архитектура мен өнер ұғымдарының мағынасын айтыңыз.
2. Архитектуралық құрылыстарды атап, олар туралы сипаттаңыз.
3. Діни ғимараттар мен архитектуралық құрылыстарды салыстырыңыз.
4. Бейнелеу өнері туралы әңгімелеп беріңіз.
5. Мүсін өнеріне сипаттама беріңіз.
6. Қолданбалы өнер туралы әңгімелеп беріңіз.



**III. Ой
толғаныс
«Алтын қақпа» ойыны
(Терминдер сөйлейді)**


“Тас қакпа”



A whiteboard with a colorful rainbow arc on the left side and a marker lying on the bottom right. The text is written in the center of the whiteboard.

**“Архитектура” сөзі
қандай мағынаны
білдіреді?**


“Күміс қакпа”



The image shows a presentation slide. The background is a light blue gradient. In the center, there is a large, semi-transparent rainbow. In the bottom right corner, there is a whiteboard with a silver marker resting on it. The text is written in a bold, purple, serif font.

**“Сардоба” қандай
құрылыс?**


“АЛТЫН ҚАҚПА”



A whiteboard with a light blue background. On the left side, there is a large, colorful rainbow graphic that is partially cut off by the edge of the board. The rainbow has bands of red, orange, yellow, green, blue, and purple. In the bottom right corner, a silver marker with a blue tip is lying on the whiteboard surface. The text "Балбал деген не?" is written in the center of the whiteboard in a bold, purple font.

Балбал деген не?

“АЛТЫН САНДЫҚ”



**Терракота қандай
мағынаны білдіреді?**

The background features a soft blue gradient. A vibrant rainbow arc is positioned on the left side, curving towards the center. In the bottom right corner, the tip of a silver pen nib is visible, pointing towards the center. The overall aesthetic is clean and modern.

Қорытындыл

Әйтеке би ауданындағы Қали тамы, Сахабай тамы, Жолай Жүсіп мазарлары, Құлтас руының мұнаралы мешіті, Нұрсейіт тамы, Қаражан, Шыбын мазарлары, Хан моласы қорымы, Қарабас әулие бейіті, Қарабас әулие бейітінен 500 метрдей жердегі 1862 жылғы құлыптас ескерткіштері орта ғасырлардағы сәулет өнері туындыларының жалғасы.

Ақтөбе қаласында да ғимараттар бой көтеруде. Солардың бірі – Нұрғасыр мешіті. Осындай еліміздің тарихи құндылықтарын құрметтеп, тарихи мәдени ескерткіштерді қорғауға атсалысуымыз қажет.



Нұрғасыр мешіті

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: § 8.

**«Архитектура және өнер»
кестесін толтыру.**